

Жітіқара ауданының Жітіқара қаласы мен Тоқтаров ауылдық округінің шекараларын өзгерту туралы

Қостанай облысы әкімдігінің 2015 жылғы 31 шілдедегі № 4 қаулысы және Қостанай облысы мәслихатының 2015 жылғы 31 шілдедегі № 418 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 4 қыркүйекте № 5861 болып тіркелді

«Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңы 11-бабының 2) тармақшасына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 1-тармағының 13) тармақшасына және 27-бабы 1-тармағының 8) тармақшасына сәйкес Қостанай облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және Қостанай облыстық мәслихаты

Ш Е Ш І М

Қ А Б Ы Л Д А Д Ы :

1. Осы қаулы мен шешімнің қосымшасына сәйкес жерлердің экспликациясы бойынша жалпы алаңы 213 гектар Тоқтаров ауылдық округінің өнеркәсіп жерлерінің бір бөлігін Жітіқара қаласының шекарасына қосу жолымен Жітіқара ауданы Жітіқара қаласының және Жітіқара ауданы Тоқтаров ауылдық округінің шекаралары өзгертілсін.

2. Осы қаулы мен шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қостанай облысының әкімі

Сессия төрайымы

_____ Н. Садуақасов

_____ А. Сапарова

Қостанай облыстық
мәслихатының хатшысы

_____ С. Ещанов

КЕЛІСІЛДІ:

"Қостанай облысы әкімдігінің
жер қатынастары басқармасы»
мемлекеттік мекемесінің басшысы
_____ Н. Әбдуов

2015 жылғы 31 шілде

«Қостанай облысы әкімдігінің
сәулет және қала құрылысы басқармасы»
мемлекеттік мекемесінің басшысы
_____ А. Бекенов

2015 жылғы 31 шілде

Қостанай облысы әкімдігінің
2015 жылғы 31 шілдедегі
№ 4 қаулысына
және Қостанай облыстық
мәслихатының 2015 жылғы
31 шілдедегі
№ 418 шешіміне
қосымша

**Жітіқара ауданы Тоқтаров ауылдық округінің
шекараларынан шығарылатын және Жітіқара ауданы Жітіқара
қаласының шекарасына қосылатын жерлердің экспликациясы**

Жер пайдаланушылардың атауы	Жалпы алаңы (гектар)
Өнеркәсіп жерлерін шығарғанға дейінгі Тоқтаров ауылдық округінің шекараларындағы жерлер алаңы	50596
Тоқтаров ауылдық округінің шекараларынан шығарылатын өнеркәсіп жерлерінің бір бөлігінің алаңы	213
Өнеркәсіп жерлерін шығарғаннан кейінгі Тоқтаров ауылдық округінің шекараларындағы жерлер алаңы	50383
Өнеркәсіп жерлерін қосқанға дейінгі Жітіқара қаласының шекараларындағы жерлер алаңы	6080
Жітіқара қаласының шекараларына қосылатын өнеркәсіп жерлерінің бір бөлігінің алаңы	213
Өнеркәсіп жерлерін қосқаннан кейінгі Жітіқара қаласының шекараларындағы жерлер алаңы	6293